

## Тәуелсіз консультантты тарту қағидаларын бекіту туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 29 маусымдағы № 382 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 11 шілдедегі № 550 қаулысымен.

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Үкіметінің 11.07.2023 № 550 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

"Мемлекеттік мүлік туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 100-1-бабының 5-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 15.02.2023 № 128 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

1. Қоса беріліп отырған Тәуелсіз консультантты тарту қағидалары бекітілсін.
2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

К.Мәсімов

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2016 жылғы 29 маусымдағы  
№ 382 қаулысымен  
бекітілген

## Тәуелсіз консультантты тарту қағидалары

### 1-тарау. Жалпы ережелер

Ескерту. 1-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 16.04.2021 № 247 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

1. Осы Тәуелсіз консультантты тарту қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Мемлекеттік мүлік туралы" Қазақстан Республикасының Заңы (бұдан әрі – Заң) 100-1-бабының 5-тармағына сәйкес әзірленді және мынадай:

баланстық құны республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және тиісті қаржы жылының 1 қаңтарында қолданыста болған айлық есептік көрсеткіштің 2

500 000 еселенген мөлшерінен асатын жекешелендіру объектісінің (бұдан әрі – жекешелендіру объектісі) нарықтық құнын бағалау;

жекешелендіру объектісін екі кезендік рәсімдер түріндегі конкурс арқылы сату бойынша мәмілені сүйемелдеу мақсатында тәуелсіз консультантты тарту тәртібін айқындайды.

**Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 16.04.2021 № 247 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

2. Осы Қағидаларда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) жекешелендіру – мемлекеттік мүлікті мемлекеттік ислам арнайы қаржы компаниясына сатуды қоспағанда, мемлекеттің Заңда белгіленген арнайы рәсімдер шеңберінде мемлекеттік мүлікті жеке тұлғаларға, мемлекеттік емес заңды тұлғаларға сатуы;

2) кешенді бағалау әдістемесі – мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі уәкілетті орган не жергілікті атқарушы орган бекітетін, тәуелсіз консультанттардың ұсыныстарында көрсетілген сапалық және сандық сипаттамаларды, көрсетілетін қызметтердің және (немесе) жұмыстардың бағасын және өзге де шарттарды ескере отырып, тәуелсіз консультанттардың ұсыныстарын бағалау үшін комиссия әзірлеген әдістеме;

3) мемлекеттік меншік объектілерін жекешелендіру мәселелері жөніндегі комиссия (бұдан әрі – комиссия) – мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі уәкілетті орган не жергілікті атқарушы орган Заңда көзделген жекешелендіру бойынша сауда-саттықты дайындау және өткізу үшін құратын алқалы орган;

4) мемлекеттік мүлік тізілімінің веб-порталы – мемлекеттік мүлік тізілімінің электрондық дерекқорына бірыңғай қол жеткізу нүктесін ұсынатын [www.gosreestr.kz](http://www.gosreestr.kz) мекенжайы бойынша Интернет желісінде орналастырылған интернет-ресурс;

5) сатушы – мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті орган немесе жергілікті атқарушы орган не аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты;

6) тәуелсіз консультанттар – заңды тұлғалар, оның ішінде шетелдік заңды тұлғалар немесе олардың бірлестіктері, сатушы жекешелендіру объектілерінің нарықтық құнына бағалау жүргізу және (немесе) жекешелендіру объектілері бойынша мәмілені сүйемелдеу мақсатында тартатын, бағалау және (немесе) инвестициялық қызметке және (немесе) қаржылық консультация беруге қатысушылар.

**Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 15.02.2023 № 128 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

## 2-тарау. Тәуелсіз консультантты тарту тәртібі

Ескерту. 2-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 16.04.2021 № 247 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

3. Тәуелсіз консультантты тарту рәсімі мынадай іс-шараларды қамтиды:
  - 1) сатушының жекешелендіру объектісі бойынша қажетті ақпаратты жинауы;
  - 2) комиссияның ұсыныстарға сұрау салуы және шарт жобасын дайындауы;
  - 3) сатушының ұсыныстар сұратуды жариялауы және қажет болған жағдайда, ұсыныстар сұратуды әлеуетті тәуелсіз консультанттарға жіберу;
  - 4) сатушының әлеуетті тәуелсіз консультанттардың қосымша ақпарат алуы мен танысуы үшін жекешелендіру объектісіне қолжетімділігін қамтамасыз етуі;
  - 5) комиссияның тәуелсіз консультантты таңдауы және шарт жасасуы.

Ескерту. 3-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 15.02.2023 № 128 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

4. Әлеуетті тәуелсіз консультантты тарту мына тәсілдердің бірі:
  - 1) бір көзден алу;
  - 2) әлеуетті тәуелсіз консультанттардың ұсыныстарын сұрату және қарау арқылы жүзеге асырылады.

5. Тәуелсіз консультантты бір көзден алу тәсілімен тарту егер:
  - 1) тәуелсіз консультант жекешелендіру объектісіне қатысты тиісті қызметтерді көрсету үшін бұдан бұрын тартылған және ол бастапқы кезеңде көрсетілетін қызметтерді қанағаттанарлық дәрежеде орындаған жағдайда комиссия осы жекешелендіру объектісіне қатысты осындай тәуелсіз консультантпен қарым-қатынасты жалғастырудың орындылығы туралы ұсынған;
  - 2) шартта көзделмеген және шарт жасасқан сәтте сатушы алдын ала болжамаған, бірақ шарт бойынша көрсетілетін қызметтерді атқаруды және (немесе) жұмыстарды орындауды аяқтау үшін қажет болып табылатын қосымша көрсетілетін қызметтер және (немесе) жұмыстар талап етілген жағдайларда жекешелендіру объектісінің нарықтық құнына бағалау жүргізу және (немесе) ол бойынша мәмілені сүйемелдеу жөніндегі қызметтерді көрсетуге тікелей шарт (бұдан әрі – шарт) жасасу арқылы жүзеге асырылады.

6. Осы Қағидалардың 5-тармағының 1) және 2) тармақшаларында көзделген жағдайларда әлеуетті тәуелсіз консультантты бір көзден алу тәсілімен тартуды сатушы комиссия ұсынымының негізінде жүзеге асырады. Бұл ретте, шарттың не шартқа қосымша келісімнің талаптары осы Қағидалардың ережелеріне сәйкес жүргізілетін келіссөздер арқылы айқындалады.

7. Комиссия:

1) жекешелендіру түрі, жекешелендіру объектісін сату шарттары және жекешелендіру объектісін сатып алушыға қойылатын талаптар туралы;

2) жекешелендіру объектісінің нарықтық құнын бағалау және (немесе) жекешелендіру объектісін сату бойынша мәмілені сүйемелдеу үшін әлеуетті тәуелсіз консультанттарға ұсыныстар сұратулар бойынша ұсыныстар, оның ішінде осы қызметтерді қосу немесе айыру туралы дәлелденген ұсыныстар әзірлейді.

**Ескерту. 7-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 15.02.2023 № 128 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

8. Комиссия сатушыға жекешелендіру түрі, жекешелендіру объектісін сату шарттары, жекешелендіру объектісін сатып алушыға және тәуелсіз консультанттарға қойылатын талаптар туралы ұсынымдарды енгізеді.

**Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 15.02.2023 № 128 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

9. Әлеуетті тәуелсіз консультантқа ұсыныстар сұратуды сатушы:

1) құны осы Қағидалардың 1-тармағына сәйкес келетін барлық жекешелендіру объектілері бойынша жекешелендіру объектісінің нарықтық құнын бағалау;

2) жекешелендіру объектісін екі кезеңдік рәсімдер түріндегі конкурс арқылы сату бойынша мәмілені сүйемелдеу үшін көрсетілетін қызметтердің түріне қарай комиссияның ұсынымдары бойынша бекітеді.

**Ескерту. 9-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 16.04.2021 № 247 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

10. Ұсыныстар сұрату мыналарды қамтуға тиіс:

1) жекешелендіру объектісінің нарықтық құнына бағалау жүргізу және (немесе) жекешелендіру объектісі бойынша мәмілені сүйемелдеу жөнінде көрсетілетін қызметтерді қоса алғанда, талап етілетін көрсетілетін қызметтердің түрлері мен сипаттамалары көрсетілген техникалық ерекшелік;

2) жұмыс тәжірибесіне, тиісті лицензияларының және (немесе) сертификаттарының болуына, әлеуетті тәуелсіз консультант қызметкерлерінің біліміне, жұмыс тәжірибесі мен біліктілігіне қойылатын талаптарды қамтитын әлеуетті тәуелсіз консультантқа және қажет болған жағдайда, заңды тұлғалар бірлестігіне (консорциум) және (немесе) әлеуетті тәуелсіз консультанттың қосалқы мердігерлеріне қойылатын талаптар;

3) жекешелендіру объектісі болып табылатын акционерлік қоғамның ( жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің) акциялар пакетінің (қатысу үлестерінің) мөлшері;

4) қызметтерді көрсету мерзімдері;

5) жекешелендіру объектісінің нарықтық құнын бағалау бойынша көрсетілетін қызметтерді сатып алу үшін бөлінген шекті сома және қажет болған жағдайда, жекешелендіру объектісін сату бойынша мәмілені сүйемелдеу кезінде жекешелендіру объектісін сатқаны үшін сыйақының ең көп пайызы;

6) осы Қағидалардың 11-тармағына сәйкес айқындалатын ұсынысқа қоса берілетін құжаттар тізбесі;

7) өтінім берудің тәртібі, тәсілі мен соңғы мерзімі және өтінімнің талап етілетін қолданылу мерзімі;

8) ұсынысты және оған қоса берілетін құжаттарды қалыптастыру және ұсыну тіліне қойылатын талаптар;

9) әлеуетті тәуелсіз консультанттың өтінімдер ұсынудың соңғы мерзімі өткенге дейін өз өтінімін өзгерту немесе кері қайтарып алу құқығын көрсету;

10) әлеуетті тәуелсіз консультанттардың өтінімдерін ашу күні, уақыты және орны;

11) осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес шарттың маңызды талаптары көрсетілген шарт жобасы;

12) жекешелендіру объектісін жекешелендіру түрі, сату шарттары және жекешелендіру объектісінің сатып алушысына қойылатын талаптар, сату және ( немесе) сату алдындағы жекешелендіру объектісін дайындау мерзімдері;

13) егер шарттың орындалуын қамтамасыз ету шарт жобасында көзделген жағдайда, шарттың орындалуын қамтамасыз етудің талаптары, түрлері, сомасы, көлемі және енгізу тәсілі;

14) жекешелендіру объектісі жөніндегі ақпарат және (немесе) жекешелендіру объектісі бойынша жалпыға қолжетімді ақпарат көздеріне сілтеме;

15) әлеуетті тәуелсіз консультанттардың ұсыныстар сұратудың мазмұны бойынша түсіндірмелерді сұратуына және (немесе) жекешелендіру объектісі бойынша қосымша ақпарат алуына көмектесетін тәсілдер.

11. Әлеуетті тәуелсіз консультант ретінде заңды тұлғалар бірлестігі ( консорциум) қатысқан жағдайда ұсыныстарды сұрату өтінімінің құрамында мынадай құжаттарды:

1) әлеуетті тәуелсіз консультанттың мүддесін білдіретін тұлғаға (тұлғаларға) өтінімге қол қою құқығына берілген және (немесе) заңды тұлғалар бірлестігінің ( консорциум) мүдделерін білдіретін тұлғаға (тұлғаларға) өтінімге қол қою құқығына берілген сенімхаттың көшірмесін;

2) әлеуетті тәуелсіз консультанттың, заңды тұлғалар бірлестігінің (консорциум) және (немесе) әлеуетті тәуелсіз консультанттың қосалқы мердігерлерінің ұсыныстарды сұрату талаптарына сәйкестігін растайтын құжаттардың көшірмелерін;

3) заңды тұлғалар бірлестігі (консорциум) өтінім берген жағдайда бірлескен шаруашылық қызмет туралы шарттың (консорциялық келісім) көшірмесін;

4) тәуелсіз консультантты таңдау үшін маңызы бар өзге де құжаттарды ұсыну туралы талапты көздейді.

12. Ұсыныстар сұратуды мемлекеттік мүлік тізілімінің веб-порталында сатушы мемлекеттік және орыс тілдерінде өтінімдер беру мерзімі аяқталатын күнге дейін кемінде күнтізбелік он бес күн қалғанда жариялайды. Ұсыныстар сұратуды жариялаудан басқа, сатушы осы тармақта көзделген мерзімде ұсыныстар сұратуды әлеуетті тәуелсіз консультанттардың атына жөнелтуді жүзеге асыруға құқылы.

**Ескерту. 12-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 16.04.2021 № 247 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

13. Әлеуетті тәуелсіз консультанттарды тіркеу мемлекеттік мүлік тізілімінің веб-порталында ұсыныстар сұрату жарияланған күннен бастап жүргізіледі және түскен өтінімдерді ашу басталғанға дейін жиырма төрт сағат қалғанда аяқталады.

14. Әлеуетті тәуелсіз консультант ретінде тіркелу үшін әлеуетті тәуелсіз консультанттың өтінімін ұсыну қажет, ол әлеуетті тәуелсіз консультант жеңімпаз деп жарияланған жағдайда оның осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ұсыныстар сұратуда көрсетілген жағдайларда шарт жасасуға жазбаша міндеттемесін білдіреді.

15. Әлеуетті тәуелсіз консультанттың өтінімі мыналарды қамтуы тиіс:

1) салыстыру үшін міндетті түрде түпнұсқасын ұсына отырып, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәліктің көшірмесі немесе анықтама немесе көрсетілген құжаттың нотариат куәландырған көшірмесі не заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтама;

2) жарғының нотариат куәландырған көшірмесін не салыстыру үшін түпнұсқасын ұсына отырып, жарғының көшірмесі (шетелдік заңды тұлғалар мемлекеттік және орыс тілдеріне нотариат куәландырған көшірмесі бар жарғылық құжаттарды ұсынады);

3) әлеуетті тәуелсіз консультанттың ұсыныстар сұратуда көрсетілген талаптарға сәйкестігін растайтын құжаттар;

4) осы Қағидалардың 10-тармағында көрсетілген ұсыныстарды сұратуға сәйкес жекешелендіру объектісінің нарықтық құнын бағалау және (немесе) сату бойынша мәмілені сүйемелдеу жөніндегі ұсыныстар.

16. Бір әлеуетті тәуелсіз консультанттың бір ұсыныстар сұратуына бір өтінімнен артық беруіне, сондай-ақ бір әлеуетті тәуелсіз консультанттың бір ұсыныстар сұрату бойынша өтінім берген бірнеше заңды тұлғалар бірлестіктеріне (консорциум) қатысуына жол берілмейді.

Осы тармақтың бірінші бөлігінде көзделген жағдайда қатысушысы бір ғана әлеуетті тәуелсіз консультант болып табылатын бір ғана әлеуетті тәуелсіз консультант және (немесе) заңды тұлғалар бірлестіктері (консорциумдар) ұсынған барлық ұсыныстарды комиссия ұсынымы негізінде сатушы кері қайтаруы тиіс.

17. Әлеуетті тәуелсіз консультанттың өтінімінде оның өзінде, заңды тұлғалар бірлестігі (консорциум) өтінім берген жағдайда – осындай бірлестіктің құрамына кіретін кез келген заңды тұлғада, әлеуетті тәуелсіз консультанттың өтінімінде қосалқы мердігерлер көрсетілген жағдайда – кез келген осындай қосалқы мердігерде талап етілетін қызметтерді көрсетуде нақты және (немесе) әлеуетті мүдделер қақтығысының жоқ екендігі туралы растауды не жою, азайту және (немесе) жол бермеу шараларын көрсете отырып, нақты және (немесе) әлеуетті мүдделер қақтығысының бар екендігі туралы ақпарат қамтылуға тиіс.

18. Өтінімді әлеуетті тәуелсіз консультант желімделген конвертте ұсыныстар сұратуында көрсетілген өтінімдер берудің соңғы мерзімі өткенге дейін ұсынады. Өтінім тігілген, беттері не парақтары нөмірленген болуы тиіс, соңғы беті не парағы әлеуетті тәуелсіз консультанттың мөрімен (болған жағдайда) куәландырылады және әлеуетті тәуелсіз консультанттың уәкілетті тұлғасының қолы қойылады.

19. Әлеуетті тәуелсіз консультанттардың өтінімдері тіркеу журналында тіркелгеннен кейін сейфте сақталады.

20. Әлеуетті тәуелсіз консультант, қажет болған жағдайда, өтінімдер берудің соңғы мерзімі аяқталғанға дейін кез келген уақытта өз өтінімін өзгертеді не кері қайтарып алады. Ұсынылған өтінімге өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізуді әлеуетті тәуелсіз консультант бұрын ұсынылған өтінімді ауыстыру арқылы жүзеге асырады.

Ұсыныстар сұратуда көзделген ұсыныстарды беру мерзімі өткеннен кейін ұсынысты өзгертуге және (немесе) толықтыруға, не кері қайтарып алуға жол берілмейді.

21. Комиссия әлеуетті тәуелсіз консультанттардан келіп түскен өтінімдерді ашуды ұсыныстар сұратуда көрсетілген күні, уақытта және орында жүзеге асырады. Ашуға ұсыныстар сұратуда көрсетілген мерзімде берілген өтінімдер жатады. Белгіленген мерзім өткеннен кейін берілген өтінімдер ашылмайды және әлеуетті тәуелсіз консультантқа қайтарылады.

Әлеуетті тәуелсіз консультанттардың өкілдері өз өкілеттіктерін растайтын құжаттарды ұсынған жағдайда ұсыныстарды ашу кезінде қатысуға құқылы.

22. Өтінімдерді ашу хаттамасына комиссияның отырысы өткізілген күні қатысқан комиссияның барлық мүшелері қол қояды және әрбір парағына қол қояды.

23. Комиссия өтінімдерді ашу хаттамасына қол қойған күннен бастап он жұмыс күні ішінде оларды ұсыныстар сұрату шарттары мен талаптарына сәйкестігі тұрғысынан қарайды.

24. Комиссия ұсынысты қабылдаудан мына:

1) өтінімге қоса берілетін құжаттар ұсыныстар сұратудың талаптарына сәйкес келмейді деп танылған;

2) әлеуетті тәуелсіз консультант не заңды тұлғалар бірлестігі (консорциум) не әлеуетті тәуелсіз консультанттың қосалқы мердігері ұсыныстар сұрату талаптарына сәйкес келмеген;

3) әлеуетті тәуелсіз консультанттың өтінімінде анық емес және (немесе) жалған мәліметтердің болуы анықталған;

4) осы Қағидалардың 16-тармағында көзделген;

5) осы Қағидалардың 17-тармағында көрсетілген адамдарда талап етілетін қызметтерді көрсетуде нақты және (немесе) әлеуетті мүдделер қақтығысы болған және (немесе) жеткіліксіз болған және комиссияның пікірінше, мүдделер қақтығысын жою, азайту және (немесе) жол бермеу бойынша ұсынылған шаралар не ұсыныстарда осы Қағидалардың 17-тармағында көзделген мәліметтер болмаған жағдайларда бас тартады.

Өзге негіздемелер бойынша ұсыныстарды қабылдаудан бас тартуға жол берілмейді.

25. Егер ұсыныстар сұратуға бірде бір ұсыныс түспесе не түскен ұсыныстардың бәрін қарау нәтижесі бойынша оларды осы Қағидалардың

24-тармағына сәйкес қабылдаудан бас тартылса, комиссия тәуелсіз консультантты тарту бойынша рәсімдерді өтпеді деп таниды. Сатушы комиссияның ұсынымы негізінде ұсыныстар сұратуға өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу және (немесе) осы Қағидаларға сәйкес тәуелсіз консультантты тарту бойынша рәсімдерді қайтадан өткізу туралы шешім қабылдайды.

26. Комиссия тәуелсіз консультантты таңдауды кешенді бағалау әдістемесіне сәйкес балдық жүйе негізінде жүзеге асырады.

Әлеуетті тәуелсіз консультант ұсыныстарының осы Қағидалардың 10 және 11 -тармақтарында бекітілген таңдау талаптарына сай болуы, көрсетілетін қызметтердің болжамды құны іріктеудің тең мәнді өлшемшарттары болып табылады.



Әрбір өлшемшарт бойынша балдар анықталады. Комиссияның әрбір мүшесі тәуелсіз консультанттың ұсыныстарын талқылау нәтижелері бойынша кешенді бағалау әдістемесіне сәйкес әрбір өлшемшарт бойынша балл береді. Әлеуетті тәуелсіз консультанттардың ұсынысын бағалау нәтижелері бойынша бірінші және екінші орын айқындалады.

Ең көп балл санын алған әлеуетті тәуелсіз консультант ұсынысы бірінші орынды иеленеді және жеңімпаз болып табылады.

Балдар тең түскен жағдайда, өз өтінімін ерте тіркеген әлеуетті тәуелсіз консультант жеңімпаз болып танылады.

27. Егер ұсыныстар сұратуға осы Қағидалардың 24-тармағында көрсетілген негіздер бойынша қабылдаудан бас тартылмаған бір өтінім түскен жағдайда немесе кешенді бағалау әдістемесіне сәйкес түскен ұсыныстарды қарау нәтижелері бойынша бір әлеуетті тәуелсіз консультант қалса, комиссия оны жеңімпаз деп таниды.

28. Комиссия ұсыныстарды қарау қорытындылары бойынша мынадай мәліметтерді:

1) көрсетілетін қызметтердің ұсынылатын құнын және бар болған жағдайда, жекешелендіру объектісін сату жөніндегі мәмілені сүйемелдеу кезінде жекешелендіру объектісін сатқаны үшін сыйақы пайызын көрсете отырып, кешенді бағалау әдістемесінің негізінде ұсынысы бірінші орын алған және комиссия қабылдаудан бас тартпаған жеңімпазды;

2) көрсетілетін қызметтердің ұсынылатын құнын және бар болған жағдайда, жекешелендіру объектісін сатқаны үшін сыйақы пайызын көрсете отырып, кешенді бағалау әдістемесінің негізінде ұсынысы екінші орын алған және комиссия қабылдаудан бас тартпаған әлеуетті тәуелсіз консультантты;

3) комиссия ұсыныстарын қабылдаудан бас тартқан әлеуетті тәуелсіз консультанттардың тізбесін;

4) комиссия шешімін;

5) қажет болған жағдайда өзге де мәліметтерді көрсетіп, хаттама жасайды.

29. Комиссия шешімі негізінде сатушы жеңімпазбен ұсыныстар сұратуда көрсетілген шартқа қол қояды.

Жеңімпазбен шартты тәуелсіз консультанттар ұсыныстарын қарау қорытындысы бойынша комиссия хаттамасына қол қойылған күннен бастап он жұмыс күні ішінде сатушы немесе жергілікті атқарушы орган немесе оның міндеттерін атқарушы тұлға жасасады.

30. Белгіленген мерзімдерде жеңімпаз шартқа қол қоймаған жағдайда комиссия бір күн мерзімде осы Қағидалардың 28-тармағының

2) тармақшасына сәйкес комиссия хаттамасында көрсетілген тәуелсіз консультантты жеңімпаз етіп анықтайды.

Сатушы әлеуетті тәуелсіз консультантпен шартты комиссияның хаттамасына қол қойылған күннен бастап он жұмыс күні ішінде жасасады.

31. Сатушы комиссия ұсынымының негізінде осы Қағидаларға сәйкес ұсыныстар сұратуға өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу және тәуелсіз консультантты тарту бойынша рәсімдерді қайта өткізу не тәуелсіз консультантты тарту бойынша рәсімдерді сатушы сол шартпен қайта өткізу туралы шешімді мынадай:

1) егер жеңімпаз осы Қағидалардың 29 және 30-тармақтарында белгіленген мерзімде қол қойылған шартты ұсынбаған;

2) сатушы осы Қағидалардың 32-тармағына сәйкес шартты біржақты бұзған жағдайларда қабылдайды.

Ұсыныстар сұратуға өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілген және тәуелсіз консультантты тарту бойынша рәсімдер қайта өткізілген не тәуелсіз консультантты тарту бойынша рәсімдерді сатушы бұрын бекіткен шарттармен қайта өткізген кезде жариялау және әлеуетті тәуелсіз консультанттардың ұсыныстарды беру мерзімдері сатушы ұсыныстар сұратуды бекіткен күннен бастап күнтізбелік он бес күнге ұзартылады.

**Ескерту. 31-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 16.04.2021 № 247 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

32. Сатушы тәуелсіз консультанттың осы Қағидалардың 17-тармағына сәйкес мүдделер қақтығысының жоқ екендігі туралы анық емес және (немесе) жалған мәліметтерді ұсынуы фактісін анықтаған не тәуелсіз консультант шарттың маңызды талаптарын бұзған жағдайда, сатушы біржақты тәртіппен шартты бұзады.

Тәуелсіз консультантты тарту  
қағидаларына  
1-қосымша

Нысан

**Әлеуетті тәуелсіз консультанттың  
ӨТІНІМІ**

1. \_\_\_\_\_

(жекешелендіру объектісінің атауы)

жекешелендіру объектісі бойынша нарықтық құнына бағалау жүргізу және (немесе) мәмілені сүйемелдеу жөнінде әлеуетті тәуелсіз консультанттарға жарияланған ұсыныстар сұратуды қарап

---

\_\_\_ және Тәуелсіз консультантты тарту қағидаларымен танысып

---

\_\_\_ (заңды тұлғаның атауы) тәуелсіз консультантты таңдауға қатысу үшін өтінімді қабылдауды \_\_\_\_\_

— (оның атынан өтінім берілген тәуелсіз консультант көрсетіледі) және таңдау 20\_\_\_ ж. " \_\_\_\_\_ " мына мекенжай бойынша: \_\_\_\_\_ өтетін әлеуетті тәуелсіз консультант ретінде тіркеуді сұраймын.

2. Әлеуетті тәуелсіз консультанттарға қойылатын талаптарға сәйкессіздік анықталған жағдайда, тәуелсіз консультантты таңдауға қатысу құқығынан айырылатынымызға келісеміз.

3. Егер біз тәуелсіз консультантты таңдау нәтижесі бойынша жеңімпаз атансақ, жекешелендіру объектісінің нарықтық құнына бағалау жүргізу және ( немесе) жекешелендіру объектісі бойынша мәмілені сүйемелдеу жөніндегі шартқа қол қою міндетін қабылдаймыз.

4. Әлеуетті тәуелсіз консультанттың толық атауы (заңды тұлға, мекенжайы, телефон, факс, және т.б.).

---

— (қолы) (сенімхат негізінде әрекет ететін уәкілетті тұлғаның тегі және аты, әкесінің аты (бар болса).

\_\_\_\_\_ (қолы, тегі, аты, әкесінің аты)

" \_\_\_ " \_\_\_\_\_ 20\_\_\_ жыл

М.О

Тәуелсіз консультантты тарту  
қағидаларына  
2-қосымша

Нысан

**Жекешелендіру объектісі бойынша нарықтық құнына бағалау жүргізу және (немесе) мәмілені сүйемелдеу бойынша қызметтер көрсету шарты**

---

(жекешелендіру объектісінің атауы)

№ \_\_\_\_\_ 20\_\_\_\_ жылғы " \_\_\_\_\_ " \_\_\_\_\_

Бұдан әрі "Сатушы" деп аталатын \_\_\_\_\_

атынан (мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органның атауы) немесе жергілікті атқарушы орган (жергілікті атқарушы орган коммуналдық мүлікті басқаруға уәкілеттік берген, жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы орган)

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 20\_\_ жылғы " \_\_ " \_\_\_\_\_ № \_\_ бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті туралы ереженің немесе \_\_\_\_\_

жергілікті атқарушы орган коммуналдық мүлікті басқаруға уәкілеттік берген, жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы органның ережесі негізінде әрекет ететін басшы \_\_\_\_\_

(тегі, аты, әкесінің аты (жеке басын куәландыратын құжатта болған жағдайда) және бұдан әрі "Тәуелсіз консультант" деп аталатын \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ 20\_\_ ж. " \_\_ " \_\_ № \_\_ жарғының, ереженің, сенімхаттың) негізінде әрекет ететін

(тегі, аты, әкесінің аты (жеке басын куәландыратын құжатта болған жағдайда)

(заңды тұлғаның атауы)

екінші тараптан, бұдан әрі бірлесіп "Тараптар" деп аталатындар, төмендегі туралы осы Шартты (бұдан әрі – шарт) жасасты:

## 1. Шарттың нысанасы

1. Сатушы тапсырыс береді, ал Тәуелсіз консультант \_\_\_\_\_

(жекешелендіру объектісінің атауы)

жекешелендіру объектісі бойынша нарықтық құнына бағалау жүргізу және (немесе) мәмілені сүйемелдеу қызметтерін көрсету жөніндегі міндеттемелерді қабылдайды.

2. Тәуелсіз консультант қызметтерді көрсетуге, ал Сатушы Тәуелсіз консультанттың баға ұсынысына және осы шарттың талаптарына сәйкес сан мен сапада қызметтерді қабылдауға және ақысын төлеуге міндеттенеді.

3. Тәуелсіз консультанттың жекешелендіру объектісі бойынша нарықтық құнына бағалау жүргізу және (немесе) мәмілені сүйемелдеуге құқығын куәландыратын негіз осы шарт болып табылады.

## **2. Тараптардың құқықтары**

### **Сатушының:**

4. Тәуелсіз консультанттың жекешелендіру объектісі бойынша нарықтық құнына бағалау жүргізу және (немесе) мәмілені сүйемелдеу қызметі туралы ақпарат (есеп) алуға;

5. Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де әрекеттерді жасауға құқығы бар.

### **Тәуелсіз консультанттың:**

6. Жекешелендіру объектісіне қатысты нарықтық құнына бағалау жүргізу және (немесе) жекешелендіру объектісі бойынша мәмілені сүйемелдеу бойынша Сатушының мүддесінде заңды және нақты әрекеттер жасауға;

7. Сыйақы алу құқығын қоспағанда, осы шартта белгіленген шектеулерді ескере отырып, Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де құқықтарды жүзеге асыруға құқығы бар.

## **3. Тараптардың міндеттері**

### **Сатушы:**

8. Жекешелендіру объектісі бойынша нарықтық құнына бағалау жүргізу және (немесе) мәмілені сүйемелдеу бойынша Тәуелсіз консультантқа осы шарт бойынша оның міндеттерін жүзеге асыру үшін қажетті құжаттарды беруге міндетті.

### **Тәуелсіз консультант:**

9. Жекешелендіру объектісі бойынша нарықтық құнына бағалау жүргізуді және (немесе) мәмілені сүйемелдеуді объективті жүзеге асыруға;

10. Берілген құжаттар мен мүліктің сақталуын қамтамасыз етуге;

11. Сатушыға осы шартты тиісінше орындамау салдарынан келтірілген шығындардың орнын толтыруға;

12. Сатушыға \_\_\_\_\_ мерзімде өз қызметі туралы жазбаша нысанда есеп беруге;

13. Осы шартқа тараптар қол қойған күннен бастап күнтізбелік 15 күн ішінде осы шартты мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыруға;

14. Осы шарт тоқтатылған кезде (шарттың мерзімі өткенде, мерзімінен бұрын бұзылғанда) 10 жұмыс күні ішінде сатушыға материалдарды қабылдау-тапсыру актісі бойынша беруге міндетті;

15. Өзге де міндеттер (жекешелендіру объектісі бойынша нарықтық құнына бағалау жүргізу және (немесе) мәмілені сүйемелдеу бойынша қолданыстағы заңнамада белгіленген көрсетілетін қызметке (қызметтерге) байланысты).

#### **4. Тараптардың жауапкершілігі**

16. Тәуелсіз консультант жекешелендіру объектісі бойынша нарықтық құнына бағалау жүргізу және (немесе) мәмілені сүйемелдеу кезінде еңсерілмейтін күш мән-жайларының әрекетінен келтірілген залалды немесе зиянды қоспағанда, сатушының мүддесіне өзі келтірген кез келген зиян немесе залал үшін жауапты болады.

17. Тараптар осы шарт бойынша өздерінің міндеттемелерін орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапты болады.

#### **5. Форс-мажор**

18. Еңсерілмейтін күш мән-жайлары (жер сілкінісі, су тасқыны, өрт, эмбарго, соғыс немесе соғыс іс-қимылдары, мемлекеттік органдардың міндеттемелердің орындалуына тыйым салатын немесе қандай да бір өзгеше түрде кедергі келтіретін нормативтік құқықтық актілер басып шығаруы) салдарынан және міндеттемелер Тараптардың еркінен тыс әрі тараптардың кез келгеніне осы шарт бойынша міндеттемелерін орындауына мүмкіндік бермесе, Тараптар осы шарт бойынша міндеттемелерді толықтай немесе ішінара орындамағаны үшін жауаптылықтан босатылады.

19. Осы шарт бойынша міндеттемелердің орындалу мерзімі еңсерілмейтін күш мән-жайларының, сондай-ақ осы мән-жайлардан туындаған салдар әрекет еткен уақытқа шегеріледі.

20. Тараптардың кез келгені еңсерілмейтін күш мән-жайлары туындаған кезде басқа Тарапқа осы мән-жайлардың басталуы туралы күнтізбелік 30 күн ішінде жазбаша түрде хабарлауға міндетті.

21. Хабарламау немесе уақтылы хабарламау Тарапты жоғарыда көрсетілген кез келген жағдайға міндеттемелерді орындамағаны үшін жауаптылықтан босататын негіз ретінде сілтеме жасау құқығынан айырады.

#### **6. Құпиялылық**

22. Тараптар шартта қамтылған ақпараттың құпия болып табылатынымен келісті және Тараптар оны қорғау үшін барлық қажетті шараларды қабылдайды.

23. Тараптардың әрқайсысы басқа Тараптан алынған құпия ақпаратты жарияламауға міндеттенеді және бұл ақпаратты Қазақстан Республикасының заңнамасында тікелей көзделген жағдайларды қоспағанда, басқа Тараптың алдын ала жазбаша келісімінсіз үшінші тұлғаларға жариялауға құқығы жоқ.

## **7. Дауларды шешу**

24. Осы шарттан туындайтын барлық даулар мен келіспеушіліктер келіссөздер арқылы шешіледі.

25. Даулар мен келіспеушіліктерді келіссөздер арқылы шешуі мүмкін болмаған жағдайда, дау Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сот органдарында қаралуы тиіс.

## **8. Шарттың қолданылу мерзімі**

26. Осы шарт Тараптар қол қойған күнінен бастап күшіне енеді және \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ дейін қолданылады.

## **9. Шарт талаптарының орындалуын бақылау**

27. Осы шарт талаптарының орындалуын бақылауды сатушы жүзеге асырады.

Бұл мақсатта сатушы басқа мүдделі мемлекеттік органдар өкілдерінің қатысуымен комиссия да құра алады. Тәуелсіз консультант мұндай комиссияның қарауына қажетті құжаттар мен есептерді комиссия белгілеген нысанда және мерзімде беруі тиіс.

## **10. Өзге де талаптар**

28. Осы шартта көзделмеген қалған барлық жағдайларда Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасын басшылыққа алады.

29. Сатушы мен тәуелсіз консультанттың өзара келісім бойынша қосымша келісімдер жасасу арқылы осы шартқа өзгерістер мен толықтырулар енгізуге құқығы бар.

30. Осы шартқа қосымша келісімдердің бәрі оның ажырамас бөлігі болып табылады және оған Тараптардың уәкілеттік берілген өкілі қол қоюы тиіс.

31. Осы шарттың қолданылу мерзімінің тоқтатылуы ол бойынша Тараптар міндеттемелерінің тоқтатылуына әкеп соғады, бірақ егер осы шарттың

талаптарын орындау кезінде бұзушылықтар орын алған болса, осы шарттың Тараптарын оны бұзғаны үшін жауапкершіліктен босатпайды.

32. Осы шарт Тараптардың әрқайсысы үшін мемлекеттік және орыс тілдерінде бір-бір данадан бірдей заңды күші бар 2 данада жасалды.

### 11. Тараптардың мекенжайлары мен деректемелері:

<b>Сатушы:</b> _____ " _____ " ММ БСН 0000000000000, БСК 0000000000000 ЖСК 0000000, Телефон: 8 (7172) 00000000 _____ (қолы, тегі, аты, әкесінің аты) М.О.	<b>Тәуелсіз консультант:</b> _____ _____ БСН 0000000000000, БСК 00000000000 ЖСК 0000000, Телефон: 8 (7172) 00000000 _____ (қолы, тегі, аты, әкесінің аты) М.О.
--	--